

6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жанат Бауыржановна Бураеваның «Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Диссертанттың зерттеу алдына қойған болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы бірқатар мәндермен анықталады. Атап айтсақ, *әлеуметтік*, өйткені қоғамдағы болып жатқан түбегейлі өзгерістер мен сол өзгерістер жағдайында ерекше ойлау қабілеті бар жаңа адам қалыптасады; *ғылыми*, себебі зияткерлік және әлеуметтік креативтілік саласындағы шығармашылық қабілеттерін танудың құралы ретінде қызмет етеді; *практикалық*, өйткені креативтілікті тікелей дамыту үшін жаңа технологиялар қолданылады.

Зерттеу мәселесі сонымен қатар бүгінгі еліміздің экономикалық, саяси - әлеуметтік дамуының сұраныстарынан туындаған, әлемдік білімдік кеңістікке ену жағдайындағы Қазақстандық білім беру жүйесін дамытуға, мамандар даярлаудың сапасын арттыруға қатысты «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Педагог мәртебесі» туралы Заң және басқа да мемлекеттік нормативті - құқықтық құжаттарда көрсетілген басымдықтар мен міндеттерді шешуге бағытталған талаптарға да сәйкес келеді. Осы айтылғандарға байланысты Ж.А. Бураеваның зерттеу жұмысы педагогика саласындағы *көкейкесті мәселеге* арналған деп айта аламыз.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері. Автор зерттеу алдына қойған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында ғылыми жетістіктер деп тануға болатын бірнеше нәтиже алуға қол жеткізген.

2.1 Педагогикалық креативтіліктің тарихы, тұғырлары, ұстанымдары, әдістері, зерттеу нәтижелерінің негіздерін құрайтын отандық және шет елдік ғылыми еңбектер мен тұжырымдамаларға, шығармашылық теорияларына жан - жақты талдау жасау және басшылыққа алынатын жетекші әдіснамалық тұғырларды негіздеу нәтижесінде болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің тарихи-педагогикалық негіздері және әдіснамалық тұғырларының айқындалуы бірінші нәтижеге деп саналады.

2.2 Зерттеудің екінші нәтижесіне ғалымдар ұсынған креативтіліктің анықтамаларын зерделеу мен талдау негізінде қарастырылып отырған құбылысты түсініп және креативтілік туралы жалпылама қорытынды жасап болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау негізінде ұсынылған креативті информатика мұғалімінің идеалдық моделі тұрғысынан жұмыстың түйінді ұғымына авторлық анықтама берілуін жатқызамыз.

2.3 Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың мотивациялық, когнитивтік, нәтижелік құраушылардан, бір - бірімен өзара байланыстағы жүйелілік, жеке тұлғалық, рефлексиялық *тұғырлары*; білім мазмұнының қоғам, ғылым, мәдениет дамуының талаптарына сәйкестігі, оқытудың мазмұнды және процедуралық тараптарының бірлігі, білім беру мазмұнының құрылымдық бірлігі, білім мазмұнын ізгілендіру, білім беруді іргелендіру *ұстанымдары*, жүйесінен тұратын, өлшемдері, көрсеткіштері, әдіс тәсілдері, деңгейлері нақтыланған қызметтік-үдерістік моделінің жасалуы үшінші нәтиже ретінде қабылданады.

2.4 Информатика пәні мұғалімдерін даярлауға арналған типтік оқу бағдарламасындағы міндетті пәндердің мүмкіндіктерін қарастыра келе олардың диссертацияда көтеріліп отырған мәселені шешудегі әлеуетін арттыру мақсатында болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін ағылшын тілінде меңгерілетін пәндерді оқытуда қалыптастыру үшін элективті курс бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешен және 2 оқу құралының әзірленіп білім беру үдерісіне ендірілуі зерттеудің төртінші нәтижесі болып есептелінеді.

3 Изденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі

3.1 *Бірінші нәтиже* - зерттеу мәселесіне орай ғылыми еңбектерді, отандық және шет елдік тәжірибені зерделеу және елімізде қабылданған білім саласын дамытуға қатысты нормативтік - құқықтық құжаттардағы талаптарды талдау нәтижесінде алынған. Оның шынайылығы автордың зерделенген еңбектердегі түйінді ойларды саралай келе, болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыруға қатысты өзіндік тұжырымдар жасауы және әдіснамалық тұғырларды сипаттауы арқылы дәлелденеді.

3.2 *Екінші нәтиженің шынайылығы* - автордың философия, психология мен педагогика ғылымдарының ғылыми қорындағы тұжырымдар негізінде «креативтілік», «шығармашылық», «педагогикалық креативтілік» түсініктері нақтыланып, «болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігі» ұғымына сипаттама беруі арқылы дәйектеледі.

3.3 *Үшінші нәтиженің шынайылық дәрежесі* – болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың мақсат –

міндеттері, тұғырлары мен ұстанымдары, әдістері мен мазмұны айқындалған, өлшемдер мен көрсеткіштері және деңгейлері анықталған қызметтік-үдерістік моделінің жасалуымен дәлелденеді.

3.4 Төртінші нәтиженің шынайылығы – болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін ағылшын тілінде меңгерілетін пәндерді оқытуда қалыптастыру үшін автордың тәжірибелік эксперимент жүргізіп, онда зерттеу барысында дайындалған элективті курс бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешеннің сынақтан өтіп көпшілікке ұсынылуы арқылы негізделеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындысының жаңашылдық дәрежесі.

4.1 Бірінші нәтижеге – қол жеткізу үшін диссертант зерттеу мәселесіне қатысты отандық, шет елдік философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектерді зерделеген. Болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби дамуындағы педагогикалық креативтіліктің рөлі мен маңыздылығы туралы ғылыми түсініктер жүйеленгендіктен *жаңалық белгілері бар* деп саналады.

4.2 Екінші нәтижеге – қол жеткізу үшін диссертант зерттеу мәселесіне қатысты отандық, шет елдік психологиялық және педагогикалық еңбектерді зерделеген. Диссертациялық жұмыста басшылыққа алынып отырған әдіснамалық тұғырларды дұрыс таңдай білген. Солардың нәтижесінде зерттеу мәселесінің тірек ұғымы болып табылатын «болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігі» түсінігінің осы жұмыс аясында алғаш рет өзіндік нақтыланған анықтамасы беріліп отырғандықтан *жаңа* болып табылады.

4.3 Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың ішкі құраушылары, әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары айқындалған, өлшемдері, көрсеткіштері, әдіс тәсілдері, деңгейлері нақтыланған қызметтік-үдерістік моделінің осы зерттеу аясында жасалуы зерттеушінің ғылымға қосқан үлесі және үшінші нәтиженің *жаңалығын* көрсетеді.

4.4 Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін ағылшын тілінде меңгерілетін пәндерді оқытуда қалыптастыру мәселесін практикалық тұрғыда шешуде аса зәрулік туғызып отырған элективті пән мен оқу әдістемелік кешеннің жасалуы төртінші нәтиженің *жаңалығы* болып саналады.

5 Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау

Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар әдіснамалық негізделуімен, зерттеудің мақсатына, міндетіне сай жалпы ғылыми және нақтылы әдістердің қолданылуымен, педагогикалық тәжірибеден алынған нәтижелер дәлелденгендігімен сипатталады. Алынған нәтижелердің тұтас әрі жүйелі баяндалуы, жұмыстың

әрбір тарауының, тармақшалардың бір-бірімен байланысы зерттеу жұмысының ішкі бірлігін құрайды.

6. Изденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағыттылығы

Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсынылымдар жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына, біліктілікті арттыру жүйесі қызметкерлеріне, жалпы педагогикалық жұршылыққа педагогикалық креативтіліктің мәнін түсініп басшылыққа алуда көмегін тигізеді деп есептейміз.

7. Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.

Зерттеудің негізгі идеялары, автордың ой-тұжырымдары мен педагогикалық тәжірибе нәтижелері 13 (он үш) ғылыми еңбекте жарияланған. Олар: ҚР Білім және Ғылым бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 4 мақала, Scopus дерекқорлар базасына енген шетелдік журналдарда 2 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 7 мақала жарық көрген.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Жұмыстың жоғарыда аталып өткен оң нәтижелерімен қоса, оның мазмұны мен рәсімделуіне байланысты төмендегідей ұсыныстар мен ескертпелеріміз бар.

1. Зерттеу жұмысының ғылыми аппаратында зерттеу мәселесі айқындалмаған, қорғауға ұсынылатын қағидаларда диссертанттың дайындаған моделі көрсетілмеген, 3 - қағида диссертациялық жұмыстың 3 - міндетін сипаттап тұрған жоқ.

2. Жұмыстың 22 - бетінде Н.С. Әлқожаеваның жастардың рухани адамгершілік тәрбиесіне тек отбасы мен жекелеген топтардың әсері ғана емес, сонымен бірге қауымдастықтың жалпы жағдайы, әлемдік қауымдастықтың өмір сүру және тыныс алу жолдары әсер ететіндігі турасында пікірі берілген, алайда диссертант оны зерттеу мәселесімен байланыста қарастырмағандықтан орынсыз қолданылған сілтеме болып тұр.

3. Автордың ұсынып отырған педагогтардың креативтілігінің *педагогикалық қызметке мотивация, креативті ойлау, шешім қабылдау және педагогикалық іскерлік* сияқты құраушылары біздің ойымызша, барлық педагогтардың креативтілігіне тән белгілер (30 бетте). Жұмыста болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігінің басқа педагогтардың бұл сапасынан айырмашылығы неде екендігіне мазмұндық сипаттама беру дұрыс болған болар еді.

4. Диссертацияда грамматикалық, стильдік қателіктер ұшырасады. (14, 26, т.б. беттерде)

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарымен сәйкестігі.

Дегенмен, көрсетілген ұсыныстар мен ескертпелер диссертанттың болашақ жұмыстарына бағдар бола алады және жұмыстың жалпы құндылығын төмендетпейді. 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жанат Бауыржановна Бураеваның «Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы аяқталған, дербес орындалған, ҚР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарына сәйкес келетін жұмыс деп есептеймін. Сондықтан, оның авторы 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін беруге лайық деген қорытынды жасаймын.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы



РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ Б.А.Тұрғынбаева
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ	

12.05.21